

2003 жылға арналған республикалық бюджетте 802 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген кредиттер алуға қарыз алушы банктерді анықтау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 қыркүйектегі N 914 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына сәйкес 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 802 "Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингі" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен кредиттер алуға қарыз алушы банктер болып мына ұйымдар белгіленсін:

1) "Ет өңдеу" ішкі саласы бойынша - "Аграрлық кредиттік корпорация" акционерлік қоғамы :

кредит сомасы - 167000000 теңге (бір жүз алпыс жеті миллион);

кредит мерзімі - 7 жыл;

2) "Көкөніс, жеміс-жидек пен жүзім өңдеу" ішкі саласы бойынша - "Банк Тұран Әлем" акционерлік қоғамы :

кредит сомасы - 150800000 теңге (бір жүз елу миллион сегіз жүз мың теңге);
кредит мерзімі - 7 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Аграрлық кредиттік корпорация" акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "Банк Тұран Әлем" акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі